

6-тақырып. Отандық өнеркәсіп.

Отандық өнеркәсіп

Өнеркәсіп – Қазақстанның халық шаруашылығының жетекші саласы. Ұзақ уақыт бойы майдан қажеттіліктерін өтеген өнеркәсіп кәсіпорындары енді бейбіт өнімді шығара бастады. Ауыр индустрия кәсіпорындары салынды. Қазақ металлургия зауытының құрылысы аяқталды. Ақтөбе ферроқорытпа зауытының қуаттылығы күшейді. «Қаратау» кен-химия комбинаты өз жұмысын бастады. Жергілікті отынға негізделген энергетика дамыды. Жеңіл өнеркәсіп және азық-түлік өнеркәсібі әрі қарай дамып, әртараптандырылды. Халық тұтынатын тауарлар түрі көбейіп, тауарлардың сапасы артты. Республикада қара, түсті металлургия, мұнай-газ өнеркәсібі, өнеркәсіптің химия және мұнай-химия салалары ілгері дамыды.

Соколов-Сарыбай тау-кен байыту комбинаты, Павлодар алюминий зауыты, Өскемен титан-магний комбинаты, Өскемен қорғасын мырыш комбинаты, Балқаш тау-кен металлургия комбинаты өз жұмысын жандандырды. Мұнай өндіретін өнеркәсіп жылдам дамыды. Қазақстанның мәшине жасау саласы ауылшаруашылығына қызмет көрсетуге бағытталды. «Қазақсельмаш» зауытында жаңа қуаттылықтар іске қосылды, олар ауылшаруашылық мәшинелердің құрамдас бөлшектерін, жаңа мәшинелер мен жабдықтарды шығарды. Соның арқасында егіншілік пен шаруашылық салаларында механикаландыру басталды. Заманауи техникамен жабдықталған Шымкент және Өскемен зауыттары қуатты болды.

Мәтінмен жұмыс:

1-тапсырма. Мәтінді оқыңыз. Ел тарихында маңызды орын алған өнеркәсіп орындарымен таныс болыңыз.

2-тапсырма. Төменде берілген тірек сөздерді дәптерге көшіріп жазып, аударыңыз.

Кәсіпорын, азық-түлік өнеркәсібі, кен байыту комбинаты, өндіру, әртараптандырылды, заманауи техника, өндірісті кеңейту, жабдықты.

3-тапсырма. Мәтінді аударыңыз.

4-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Елімізде отандық өндіріс қалай дамыған?
2. Елімізде қандай өндіріс орындары бар екен?
3. Отандық өнім туралы не білдіңіз?

5-тапсырма. Мәтіннен күрделі сөздерді тауып, кестені толтырыңыз, мағынасын ашыңыз.

Күрделі сөздер	Зат атауын білдіреді	Іс-қимылды білдіреді	Жазылу емлесі
Мемлекеттік бағдарлама	+		бөлек жазылады